

"Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына келуіне шақыруларын ресімдеу, шақыруларын келісу, Қазақстан Республикасының визаларын беру, күшін жою, қалпына келтіру, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту және қысқарту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 24 қарашадағы № 11-1-2/555 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 28 қарашадағы № 1100 бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2020 жылғы 1 қыркүйектегі № 11-1-4/245 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 1 қыркүйектегі № 611 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 3 қыркүйекте № 21165 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫЗ:

1. "Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына келуіне шақыруларын ресімдеу, шақыруларын келісу, Қазақстан Республикасының визаларын беру, күшін жою, қалпына келтіру, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту және қысқарту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің міндетін атқарушысының 2016 жылғы 24 қарашадағы № 11-1-2/555 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 28 қарашадағы № 1100 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14531 болып тіркелген, 2016 жылғы 30 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкіне жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Халықтың көші-қоны туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1-1) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына келуіне шақыруларын ресімдеу, шақыруларын келісу, Қазақстан Республикасының визаларын беру, күшін жою, қалпына келтіру, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту және қысқарту қағидаларында (бұдан әрі-Қағидалар):

1-тармақ мынандай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына келуіне шақыруларын ресімдеу, шақыруларын келісу, Қазақстан Республикасының

визаларын беру, күшін жою, қалпына келтіру, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту және қысқарту қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Халықтың көші-қоны туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңына (бұдан әрі – Көші-қон туралы заң), "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына (бұдан әрі – Мемлекеттік қызметтер туралы заң) сәйкес әзірленді және Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың (бұдан әрі – виза алушылар) Қазақстан Республикасына келуіне шақыруларын ресімдеу, шақыруларын келісу Қазақстан Республикасының визаларын беру, жою, қалпына келтіру, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту және қысқарту тәртібін, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының визаларын беру бойынша қабылдаушы тұлғалардың шақыруларын қабылдау және келісу", "Қазақстан Республикасына кіруге және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік өтуге визалар беру, олардың мерзімін ұзарту" және "Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына келу және Қазақстан Республикасынан кету құқығына Қазақстан Республикасының аумағында визаны беру, қалпына келтіру және ұзарту" мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібін айқындайды.";

3-тармақта:

8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) келуге және кетуге берілетін рұқсат (бұдан әрі – виза) – осыған уәкілеттік берілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының көшіп-қонушының паспортындағы немесе оны ауыстыратын құжатындағы белгісі не осыған уәкілеттік берілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының ақпараттық жүйедегі белгісі, ол визада белгіленген уақытқа, мақсаттарда және шарттармен Қазақстан Республикасының аумағына келуге, оның аумағы арқылы өтуге, онда болуға және Қазақстан Республикасының аумағынан кетуге құқық береді;"

11) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"11) аумақтық полиция органдары (бұдан әрі – ҚР ПМ) - облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және көлік полиция департаменттерінің көші-қон қызметінің бөлімшелері;"

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Визаны санаты, алушы, мәртелігі, қолданылу мерзімі, Қазақстан Республикасының аумағында болу кезеңі, беру негіздері және визаны беруге қажетті құжаттар осы Қағидалардың 1-қосымшасына (бұдан әрі – 1-нысан) сәйкес анықталады."

6-тармақ мынадай редакцияда үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"6. Визаны электронды форматта толтыру (бұдан әрі - электронды виза) ВКП арқылы жүзеге асырылады.";

мынадай мазмұндағы 8-1-тармақпен толықтырылсын:

"8-1. ҚР ІІМ, ҚР СІМ және ҚР-дың шет елдердегі мекемелері (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) Мемлекеттік қызметтер туралы заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингі ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметтер көрсету сатысы туралы деректердің енгізілуін қамтамасыз етеді.

"Қазақстан Республикасының визаларын беру бойынша қабылдаушы тұлғалардың шақыруларын қабылдау және келісу", "Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына келу және Қазақстан Республикасынан кету құқығына Қазақстан Республикасының аумағында визаны беру, қалпына келтіру және ұзарту" мемлекеттік қызметтерді алушылар жеке немесе заңды тұлғалар болып табылады, "Қазақстан Республикасына кіруге және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік өтуге визалар беру, олардың мерзімін ұзарту" мемлекеттік қызметті алушылар жеке тұлғалар болып табылады (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы).";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Шақырушы тарап шақыруды ресімдеу үшін ҚР ІІМ-ге немесе "Азаматтарға арналған үкімет "Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) арқылы өзінің тіркелген жері бойынша өтінішхат және "Қазақстан Республикасының визаларын беру бойынша қабылдаушы тұлғалардың шақыруларын қабылдау және келісу" мемлекеттік қызметін көрсету үшін қажетті мынадай құжаттарды ұсынады":

1) Қазақстан Республикасына жеке сапар бойынша келуге шақыруды ресімдеу үшін :

жеке басты куәландыратын құжат (салыстыру үшін);

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада толтырылған кесте ;

мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжат (Мемлекеттік корпорацияға жүгінген және "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі - ЭҮТШ) арқылы мемлекеттік баж төленген жағдайда осы құжатты ұсыну талап етілмейді).

2) заңды тұлғаның не жеке кәсіпкердің шақыруын ресімдеу үшін:

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада толтырылған кесте ;

мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжат (Мемлекеттік корпорацияға жүгінген және ЭҮТШ арқылы мемлекеттік бажды төлеген кезде осы құжатты ұсыну талап етілмейді).

Қазақстан Республикасының зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелерін реттейтін заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Мемлекеттік қызметтер туралы заңның 5-бабына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттар мен мәліметтерді көрсетілетін қызметті берушіге, Мемлекеттік корпорацияға

салыстыру үшін түпнұсқалары ұсынылған құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелерін талап етуге жол берілмейді.

өкілдің өкілеттігін растайтын құжат.

Мемлекеттік корпорация қызметкері көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді, заңды тұлғаны немесе дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді, көрсетілетін қызметті алушының "Қазақстан Республикасының визаларын беру бойынша қабылдаушы тұлғалардың шақыруларын қабылдау және келісу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет үшін мемлекеттік баж сомасын бюджетке төлегенін растайтын құжатты (ЭҮТШ арқылы төлеген жағдайда) және басқа да қажетті мәліметтерді "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері мемлекеттік қызмет көрсету кезінде заңмен қорғалатын құпияны қамтитын, ақпараттық жүйелердегі мәліметтерді пайдалануға көрсетілген қызметті алушының жазбаша келісімін алады.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, оның ішінде процестің сипаттамасы, ұсыну нысаны, мазмұны және нәтижесі, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де ақпарат осы Қағидаларға 3-1-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасының визаларын беру бойынша қабылдаушы тұлғалардың шақыруларын қабылдау және келісу" мемлекеттік қызмет стандартында келтірілген.

ВКП арқылы шақыру хатын ресімдеу үшін көрсетілетін қызметті алушы:

1) ВКП-ға тіркелуі;

2) уақытша тұратын жерін көрсете отырып, шетелдікке арналған анықтамалық деректерді толтыруы;

3) "Қазақстан Республикасының визаларын беру бойынша қабылдаушы тұлғалардың шақыруларын қабылдау және келісу" мемлекеттік қызметін көрсеткені үшін ЭҮТШ арқылы мемлекеттік бажды төлеуі қажет.";

12-тармақтың 7) тармақшасы алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 12-1-тармақпен толықтырылсын:

"12-1. Мемлекеттік корпорация арқылы құжаттарды қабылдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат беріледі.

Өтініштер мен құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

Көрсетілетін қызметті берушіге құжаттарды тапсыру үшін кезек күтудің рұқсат етілген ең аз уақыты - 30 минут, Мемлекеттік корпорацияға – 15 минут.

Көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 20 минут.

Көрсетілетін қызметті алушы 3-1-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасының визаларын беру бойынша қабылдаушы тұлғалардың шақыруларын қабылдау және келісу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 8-тармағында көзделген құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері немесе ҚР ІІМ уәкілетті қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 4-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасына келуге шақыруды ресімдеуге құжаттарды қабылдаудан бас тартуы туралы қолхат береді.

Егер көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынса, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері немесе ҚР ІІМ-нің уәкілетті қызметкері көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын қабылдап, тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат береді.";

13-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"13. ҚР ІІМ-де өтінішхатты қарау кезінде:

1) ұсынылған құжаттарға сұратылған сапар мақсатының, визаның мәртелігінің, жарамдылық мерзімінің және оны беру орнының сәйкестігі. Визаны беру орны, АХҚО қатысушылары мен органдарын, "Астана Хаб" қатысушылардың жұмыскерлерін немесе "Астана Хаб" жұмыскерлерін қоспағанда, виза алушының азаматтығына тиесілі елге қатысты консулдық округке сәйкес немесе мына шарттардың біреуі:

болу елінде тұрақты тұруға рұқсаты;

іскерлік және инвесторлық мақсаттары бойынша еңбек қызметін жүзеге асыруға, білім алуға, емделуде ұзақ болуына рұқсаты бар болған кезде анықталады.

ҚР СІМ қызмет көрсететін консулдық округтерін көрсете отырып, Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінің тізімін ҚР ІІМ-ге береді.

АХҚО қатысушылары мен органдарының қызметі "Астана" халықаралық қаржы орталығы туралы" 2015 жылғы 7 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңымен реттеледі.

"Астана Хаб" қатысушыларының қызметі "Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 13-1 бабымен реттеледі.

2) "Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабы 7) және 10) тармақшаларына сәйкес шетелдікке Қазақстан Республикасына кіруіне бас тарту негіздерінің болуы;

3) осы Қағидалардың 15-тармағында көзделген мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуден ас тарту үшін негіздердің болуы.

Бас тарту үшін негіздер болмаған жағдайда ҚР ІІМ-нің уәкілетті қызметкері көрсетілетін қызметті алушының келіп түскен құжаттарын Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетіне (бұдан әрі - ҚР ҰҚК) келісуге жібереді.

ҚР ҰҚК өтінішті "Бүркіт" БАЖ арқылы 3 (үш) жұмыс күніне дейінгі мерзімде келісуді қамтамасыз етеді. Шақыруларды ресімдеу үшін негіздерді неғұрлым

егжей-тегжейлі зерделеу қажет болған жағдайда, ҚР ҰҚК органдарының жазбаша сұрау салуы бойынша көрсетілген мерзім күнтізбелік 30 (отыз) күнге дейін ұзартылады.

ҚР ҰҚК-нен жауап алғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде ҚР ПМ-нің уәкілетті қызметкері осы жауапты өңдеуді және Қазақстан Республикасына келуге шақыру беруді жүзеге асырады не "Қазақстан Республикасының визаларын беру бойынша қабылдаушы адамдардың шақыруларын қабылдау және келісу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген негіздер бойынша бас тартады.";

15, 16 және 17- тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Көші-қон туралы заңның 48-бабына сәйкес қабылдаушы тұлғалардың шетелдіктерді Қазақстан Республикасына шақыру туралы өтініштері, егер мұндай өтініш берілгенге дейін қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде қабылдаушы тұлғалар өздерінде болатын көшіп келушілер туралы ішкі істер органдарына уақытылы хабарламағаны, олардың Қазақстан Республикасында болу құқығына құжаттар ресімдеу және болудың белгілі бір мерзімі өткеннен кейін Қазақстан Республикасынан кетуін қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдамағаны үшін екі және одан да көп рет жауаптылыққа тартылған болса, қаралмайды.

16. Шақыру құжаттарын ресімдеуді немесе оларды ресімдеуден бас тарту туралы шешімді ҚР ҰҚК-мен келіскеннен кейін, ҚР ПМ немесе ҚР СІМ (бас тартудан басқа) уәкілетті қызметкері қабылдайды.

17. ҚР шет елдердегі мекемелерінде, ҚР СІМ-де немесе ҚР ПМ-де көрсетілетін қызметті алушының нақты орналасқан жері немесе шақырушы тараптың тіркелген орны бойынша визаларды беру үшін "Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына келу және Қазақстан Республикасынан кету құқығына Қазақстан Республикасының аумағында визаны беру, қалпына келтіру және ұзарту" және "Қазақстан Республикасына кіруге және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік өтуге визалар беру, олардың мерзімін ұзарту" мемлекеттік қызметтерді көрсетуге қажет мынадай құжаттар мен мәліметтер ұсынылады:

1) көлемі 3,5x4,5 сантиметр түрлі-түсті немесе қара-ақ фотосуреті бар виза алуға арналған визалық сауалнама;

2) ҚР шет елдердегі мекемелерінде немесе Қазақстан Республикасының халықаралық әуежайында виза ресімдеу кезінде ҚР ПМ-де немесе ҚР СІМ-де тіркелген қолдаухаттың нөмірі және оны тіркеу күні (виза алушыға нөмірді және шақыруды беру күнін шақырушы тарап хабарлайды), немесе осы Қағидалардың 25-тармағында көзделген виза санаттарын алушылардың қолдаухаттары;

3) шет мемлекеттің жарамды дипломатиялық, қызметтік және шетелдік паспорты, не болмаса Қазақстан Республикасы осы қалыпта таныған және Қазақстан

Республикасының мемлекеттік шекарасын кесіп өтуге құқық беретін жеке басты куәландыратын өзге құжат (бұдан әрі – паспорт);

4) консулдық алым немесе мемлекеттік бажды төлегенін растайтын төлем құжатының түпнұсқасы;

5) 1-қосымшаға сәйкес виза алуға қажетті қосымша құжаттар.

Электрондық виза ВКП арқылы ресімделеді.

Электрондық визаны алу үшін ВКП-да тіркеу және мына мәліметтерді көрсете отырып, жеке деректерді толтыру жүзеге асырылады:

1) ҚР ИИМ-де тіркелген шақырудың нөмірі, күні (шақырудың нөмірі мен берілген күнін визаны алушыға шақырушы тарап хабарлайды);

2) консулдық алым төлеу.

Шет мемлекеттің құзыретті мекемесі не оған арнайы уәкілеттік берілген тұлға өз құзыреті шегінде және оның белгіленген нысаны бойынша берген немесе куәландырған , шет мемлекеттің елтаңбалы мөрімен бекітілген құжаттар арнайы куәландыру рәсімінен өткеннен кейін ғана қабылданады (заңдастыру немесе апостильдеу).

Мемлекеттік қызметтерді көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, оның ішінде процестің сипаттамасы, ұсыну нысаны, мазмұны және нәтижесі, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де ақпарат осы Қағидаларға 4-2 және 4-3-қосымшаларына сәйкес "Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына келу және Қазақстан Республикасынан кету құқығына Қазақстан Республикасының аумағында визаны беру, қалпына келтіру және ұзарту" және "Қазақстан Республикасына кіруге және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік өтуге визалар беру, олардың мерзімін ұзарту" мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарында келтірілген.";

21-тармақ алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 21-1-тармақпен толықтырылсын:

"21-1. ҚР ИИМ, ҚР СІМ және ҚР шет елдердегі мекемелерінің уәкілетті қызметкерлері құжаттар түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады

Егер көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық емес пакетін және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынса, ҚР ИИМ, ҚР СІМ және ҚР шет елдердегі мекемелерінің уәкілетті қызметкерлері өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Егер көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушы құжаттардың толық пакетін ұсынса, ҚР ИИМ, ҚР СІМ және ҚР шет елдердегі мекемелерінің уәкілетті қызметкерлері тиісті құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат беріп, көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын олар түскен күні ҚР ҰҚК-ге келісуге жібереді.

ҚР ҰҚК осы Қағидалардың 40-тармағында белгіленген мерзімде визаларды ресімдеуді келісуді қамтамасыз етеді.

ҚР ҰҚК-нен жауап алғаннан кейін, ҚР ПМ, ҚР СІМ және ҚР шет елдердегі мекемелерінің уәкілетті қызметкерлері келіп түскен жауапты 1 (бір) жұмыс күні ішінде өндеуді және тиісті санаттағы визаны жабыстыруды немесе виза беруден бас тартуды жүзеге асырады.";

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Визалардың берілуі:

1) шетелдерде:

ҚР шет елдердегі мекемелері мынадай санаттардағы визаларды береді: "A1", "A2", "A3", "A4", "A5", "B1", "B2", "B3", "B4", "B5", "B6", "B7", "B8", "B10", "B11", "B12", "B13", "C1", "C2", "C3", "C4", "C5", "C6", "C7", "C8", "C9", "C10" және "C12";

2) Қазақстан Республикасының аумағында:

ҚР СІМ мынадай санаттардағы визаларды береді: "A1", "A2", "A3", "A4", "B10";

ҚР ПМ мынадай санаттардағы визаларды береді: "A5", "B2" (АХҚО қатысушылары және органдары үшін), "B3", "B7", "B8", "B14", "B15", "B16", "B17", "B18", "B19", "B20", "B21", "B22", "C1", "C3", "C4", "C9" (этникалық қазақтарға), "C11", және "C12";

ҚР ПМ Қазақстан Республикасының халықаралық әуежайларында визалардың мынадай санаттарын береді:

"A1", "A2", "A3", "A4", "A5", "B1", "B2", "B3", "B5", "B7", "B10", "B11", "B12", "B13", "C3", "C8", "C9" және "C12";

3) ВКП арқылы:

бір мәртелік визалардың мынадай санаттары:

"B1", "B2", "B3", "B12", "C12".";

мынадай мазмұндағы 22-1-тармақпен толықтырылсын:

"22-1 Электрондық виза шақыру негізінде беріледі және тек виза алушы үшін жарамды және бірге жүретін адамдарға қолданылмайды. Паспортты ауыстырған кезде электрондық визаны қайтадан алу қажет.

Шетелдіктер жарамды электрондық визамен тек Қазақстан Республикасының халықаралық әуежайлардағы бақылау пункттері арқылы Қазақстан Республикасының аумағына келеді және кетеді.

Көрсетілетін қызметті алушы ВКП-ға электрондық визаны ресімдеу процесінде шақыруда көрсетілген ақпараттың паспорттық деректермен сәйкестігін салыстырып тексереді және растайды.

ВКП-ға электрондық визаны ресімдеу процесінде электрондық виза шақырушы тараптың шақыруында көрсетілген деректердің негізінде қалыптастырылады. Көрсетілетін қызметті алушы электрондық визаны ресімдеу алдында шақыруда көрсетілген ақпараттың паспорттық деректермен сәйкестігін салыстырып тексереді және растайды.

Қазақстан Республикасына келген кезде ресімделген электрондық визадағы және шетелдіктің паспортындағы ақпараттың сәйкессіздігі анықталған жағдайда, электрондық виза жарамсыз деп есептеледі.

Бір мәртелі электрондық туристік, іскерлік және емделу үшін визалар осы Қағидаларға 4-4-қосымшаға сәйкес мемлекеттердің азаматтарына беріледі.";

23-тармақтың бірінші және екінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"23. "С3" санатындағы визадан басқа ҚР ПМ визаларды беруді, күшін жоюды, қалпына келтіруді, мерзімін ұзартуды немесе қысқартуды шетелдіктің, азаматтығы жоқ адамның уақытша тұру орны немесе шақырушы тараптың тіркеу орны бойынша ("А5" санатындағы виза, виза алушының нақты болу орны бойынша), не болмаса ҚР ПМ нұсқауы бойынша жүзеге асырады.

"С3" санатындағы алғашқы визаларды ҚР ПМ шақырушы тараптың тіркеу орны бойынша жүзеге асырады. Еңбек қызметі Қазақстан Республикасының басқа өңірлерінде жүзеге асырылған жағдайда Қазақстан Республикасы ҚР ПМ "С3" санатындағы визаны жоюды, қалпына келітуді, мерзімін ұзартуды немесе қысқартуды шетелдіктің уақытша тұру орны бойынша жүзеге асырады.";

25-тармақтың 3) тармақшасының үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"бұрынғы отандастар (Қазақстан Республикасымен байланысын куәландыратын құжаттары, оның ішінде Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының немесе Қазақстан Республикасының ұлттық паспортында, туу туралы куәлігінде туған жері туралы бағанада тиісті белгінің болуы немесе некеге тұру туралы куәлігі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу немесе Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалту туралы анықтамасы бар болса) – "В10";";

28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"28. Қазақстан Республикасының халықаралық әуежайларында ресми делегация мүшелеріне, Қазақстан Республикасының консулдық мекемелері жоқ елдердің азаматтарына, сонымен қатар виза алушыларға шақыру негізінде немесе ҚР ПМ нұсқауы бойынша ҚР ПМ береді.

ҚР шет елдердегі мекемелері Қазақстан Республикасының консулдық мекемесі жоқ шет мемлекеттің сыртқы саяси ведомствосының тиісті қолдаухаты (вербалды нотасы) болған кезде не ҚР СІМ-нің нұсқауы бойынша Қазақстан Республикасының халықаралық әуежайын виза алу орны деп көрсетеді.";

34-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) ҚР ПМ:

"А5" санатына – "В3", "В10", "С3", "С4", "С5" және "С10" санаттарынан;

"В2" санатына (АХҚО қатысушылары мен органдарына) – "В3", "В7" және "С3" санаттарынан;

"В7" санатына – "С9" санатынан;

"В8" санатына – "С3" санатынан;

"С1" санатына – тек этникалық қазақтар үшін бұрын берілген визаның санатына қарамастан;

"С2" санатына - "В10", "С3" және "С9" санаттарынан;

"С3" санатына – "В2", "В3", "В7" ("Астана Хаб" бағдарламалары бойынша оқытудан өтіп жатқан шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға), "В10", "С2", "С3" (жұмыс берушінің атынан шақырушы тарапты ауыстыру, егер мұндай рұқсат Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін болса, еңбекші көшіп келушінің рұқсаты болған кезде қолдаухат негізінде), "С9" және "С10" санаттарынан;

"С4" санатына – "В10", "С2", "С9" және "С10" санаттарынан;

"С9" санатына – тек этникалық қазақтар үшін бұрын берілген визаның санатына қарамастан, сондай-ақ визасыз режиммен келгендерге;

"С12" санатына – визаның барлық санаттарынан, сондай-ақ визасыз режиммен келгендерге.";

37-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Келесі санаттағы визаларды алу мақсатында құжаттарды тапсырған, сондай-ақ электронды виза алушылармен әңгімелесу жүргізілмейді: "А1", "А2", "А3", "А4", "А5", "В10" (вербалды нотамен), "В12" (топтық визамен), "С3", "С10" (этникалық қазақтарға, бастапқы визаны ресімдеуде әңгіме жүргізіледі және алғашқы виза 1 жылға дейін, ал қайта өтініш жасағанда әңгімелесусіз виза 3 жылға дейін беріледі), "С11", "С12" және Қазақстан Республикасы аумағынан кетуге арналған визалар ("В14" – "В22").";

39-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"39. Күнтізбелік 30 күнге ресімделетін "С1" санатындағы визадан басқа визаларды ресімдеу мерзімі 5 жұмыс күнінен аспайды.";

46-тармақтың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚР ИМ "А1", "А2", "А3" және "А4" санаттарындағы визаларды қоспағанда, барлық санаттағы визаларды виза алушының уақытша тұру орны бойынша қалпына келтіреді. ҚР ИМ "А5" санатындағы визаны виза алушының нақты тұрған жерінде қалпына келтіреді.";

49-тармақтың б) тармақшаның үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"шақырушы адамның "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында алаңы отбасының әрбір мүшесіне белгіленген ең төменгі нормативтерге сәйкес келетін тұрғын үйдің болуын растауы";

50-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"50. "В2" санатындағы визаның қолданылу мерзімі тек бір рет ұзартылады.";

мынадай мазмұндағы 5-тараумен толықтырылсын:

"5-тарау. Көрсетілетін қызмет берушінің және (немесе) олардың лауазымды тұлғалардың, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның қызметкерлерінің

мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі.

58. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті берушінің басшысына, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

ҚР ИМ, ҚР СІМ, ҚР шет елдердегі мекемелерінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы, Мемлекеттік қызметтер туралы заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес, ол тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік корпорация арқылы қызмет көрсету кезінде Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің шешімдеріне іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым Мемлекеттік корпорация басшысына немесе ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға жіберіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді".";

қағидаларға 1-қосымша осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

8-қосымша алынып тасталсын;

осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес 3-1 қосымшамен толықтырылсын;

осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес 4-1 қосымшамен толықтырылсын;

осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес 4-2 қосымшамен толықтырылсын;

осы бірлескен бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес 4-3 қосымшамен толықтырылсын;

осы бірлескен бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес 4-4 қосымшамен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Цифрландыру департаменті:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасарына және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бірінші орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрі

М. Тілеуберді

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрі

Е. Тұрғымбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі

2020 жылғы "___" _____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрлігі

2020 жылғы "___" _____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау министрлігі

2020 жылғы "___" _____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

2020 жылғы "___" _____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі

2020 жылғы "___" _____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық қауіпсіздік комитеті

2020 жылғы "___" _____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар

және аэроғарыш министрлігі

2020 жылғы "___" _____

Ішкі істер Министрінің
 2020 жылғы 1 қыркүйегі
 № 611 мен
 Қазақстан Республикасы
 Сыртқы істер министрінің
 2020 жылғы 1 қыркүйегі
 № 11-1-4/245 Бірлескен
 бұйрығына
 1-қосымша
 Шетелдіктер мен азаматтығы
 жоқ адамдардың
 Қазақстан Республикасына
 келуіне шақыруларын ресімдеу,
 шақыруларын келісу,
 Қазақстан Республикасының
 визаларын беру, күшін жою,
 қалпына келтіру, сондай-ақ
 олардың қолданылу мерзімдерін
 ұзарту және қысқарту
 қағидаларына
 1-қосымша

Алушылар, санаты, мәртебі, қолданылу мерзімі, болу кезеңі, виза беру үшін негіздер мен қажетті құжаттар

р/с №	Виза санаттары	Виза алушылар	Визаның мәртебі	Визаның қолданылу мерзімі	Болу кезеңі	Виза беру негізі
1	2	3	4	5	6	7
"А" санаты						
Дипломатиялық виза						
		1) ш е т мемлекеттердің, үкіметтердің, дипломатиялық мәртебеге теңестірілген халықаралық ұйымдардың басшылары мен олардың отбасы мүшелері; 2) ш е т мемлекеттердің парламенттерінің, үкіметтерінің, дипломатиялық мәртебеге теңестірілген халықаралық ұйымдардың мүшелері мен	б і р мәртебі	90 тәулікке дейін	в и з а қолданылуының барлық кезеңіне	

1.	А1	<p>олардың отбасы мүшелері – дипломатиялық паспорт иелері, сондай-ақ ресми шетелдік делегациялар мүшелері мен олармен бірге жүретін адамдар – дипломатиялық паспорт иелері ;</p> <p>3) Қазақстан Республикасының құрметті консулдары мен олардың отбасы мүшелері.</p> <p>4) Қазақстан Республикасына қызметтік сапармен жіберілетін дипломатиялық паспорттардың, сондай-ақ дипломатиялық агенттерге теңестірілген мәртебесі бар халықаралық ұйымдар паспорттарының иелері ;</p> <p>5) дипломатиялық поштаны тасымалдайтын дипломатиялық курьерлер – курьерлік парағы болған кезде дипломатиялық паспорттардың иелері .</p>	к ө п мәртелік	1 жылға дейін	в и з а қолданы-луының барлық кезеңіне	<p>Визаны ҚР шет елдердегі мекемеле немесе ҚР СІМ келесі құжаттарды бірінің негізінде береді :</p> <p>ҚР СІМ нұсқау: вербальдық нота шақыру .</p> <p>Визаны ҚР ІІМ шақыру негізінде береді.</p>
		Қазақстан Республикасында аккредиттелген шетелдік дипломатиялық және оған теңестірілген өкілдердің дипломатиялық	б і р мәртелік	90 тәулікке дейін	в и з а қолданы-луының барлық кезеңіне	<p>Визаны ҚР шет елдердегі мекемеле немесе ҚР СІМ келесі құжаттарды бірінің негізінде береді :</p> <p>вербалдық нота шақырылатын адамның тағайындалған лауазымы, ал ротация болған жағдайында орнын</p>

2.	A2	<p>агенттері, шетелдік консулдық мекемелердің консулдық лауазымды адамдары, халықаралық ұйымдар мен өкілдіктердің Қазақстан Республикасына жұмысқа жіберілетін қызметкерлері, Қазақстан Республикасында аккредиттелген шет мемлекеттердің құрметті консулдары мен олардың отбасы мүшелері.</p>	к ө п м ә р т е л і к	180 тәулікке дейін	в и з а қолданы-луының барлық кезеңіне	<p>тағайындалған қызметкердің лауазымы, тегі жән аты көрсетілген ш а қ ы р у . Визаны ҚР ІІМ шақыру негізінде б е р е д і . ҚР аумағында виз алушы ҚР СІМ-де аккредиттеуден өте . ҚР СІМ-дегі аккредиттеудің қолдану мерзімі аяқталғаннан кейін н е м е с е аккредиттеуден ба тартқан жағдайда) Қазақстан Республикасынан шығу үшін бір м ә р т е л і к в и з а 90 тәулікке дейін беріледі.</p>
----	----	--	-----------------------	--------------------	--	---

Қызметтік виза

3.	A3	<p>1) ресми шетелдік делегация мүшелері, олармен бірге жүретін адамдар және олардың отбасы мүшелері;</p>	б і р м ә р т е л і к	90 тәулікке дейін	в и з а қолданы-луының барлық кезеңіне	<p>Визаны ҚР шет елдердегі мекемеле және ҚР СІМ келес құжаттардың біріні негізінде б е р е д і . ҚР СІМ нұсқау: вербалдық нот ш а қ ы р у ; мемлекеттер тізімінде көрсетілген елдердің азаматтарының қолдаухаты.</p>
		<p>2) Қазақстан Республикасына жіберілетін (ҚР СІМ-мен келісім бойынша) және Қазақстан Республикасында аккредиттелген шетелдік бұқаралық а қ п а р а т құралдарының өкілдері;</p>	к ө п м ә р т е л і к	1 жылға дейін	в и з а қолданы-луының барлық кезеңіне	
		<p>3) Қазақстан Республикасына қызметтік сапармен жіберілетін шет мемлекеттердің әскери қызметкерлері ; 4) "A2" және "A4" санаттарындағы визаға үміткер адамдардың</p>				

қамқорлығындағы адамдар.
5) дипломатиялық агенттерге теңестірілген мәртебесі жоқ халықаралық ұйымдар паспорттарының иелері, сондай-ақ халықаралық ұйымдарда жұмыс істейтін, ұлттық паспорт иелері мен олардың отбасы мүшелері;
6) Қазақстан Республикасына қызметтік сапармен жіберілетін қызметтік паспорттар иелері;
7) егер дипломатиялық паспорттары болмаса және курьерлік парағы болған кезде, дипломатиялық пошта тасымалдайтын дипломатиялық курьерлер ;
8) шетелдік дипломатиялық өкілдіктердің, консулдық мекемелердің, халықаралық ұйымдардың және олардың өкілдіктерінің, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының шақыруы бойынша Қазақстан Республикасына іссапарға жіберілетін адамдар;
9) ғарыш кеңістігіне ұшу үшін Қазақстан Республикасына баратын және ғарыш кеңістігінен Жерге

К ө п
мәртелік

3 жылға дейін

В и з а

Визаны ҚР ІІМ шақыру негізінде б е р е д і .
Шетелдік бұқаралы а қ п а р а т құралдарының өкілдері үшін виза аккредиттеудің қолдану мерзіміне беріледі/ұзартылады

		оралатын ғарышкерлер мен астронавтар.			қолданылуының барлық кезеңіне	
4.	А4	<p>әкімшілік-техникалық және дипломатиялық өкілдіктер персоналына қызмет көрсететін мүшелер, халықаралық ұйымдардың немесе олардың өкілдіктерінің қызметкерлері, Қазақстан Республикасында аккредиттелген шет мемлекеттердің консулдық мекемелері персоналына қызмет көрсететін консулдық қызметшілер, қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелері.</p>	бір мәртелік	90 тәулікке дейін	виза қолданылуының барлық кезеңіне	Визаны ҚР шет елдердегі мекемеле немесе ҚР СІМ келесі құжаттарды бірінің негізінде береді: вербалдық нота шақырылатын адамның тағайындалған лауазымы, ал ротация болған жағдайында орнын тағайындалған қызметкердің лауазымы, тегі жән аты көрсетілген шақыру. Визаны ҚР ІІМ шақыру негізінде береді. ҚР аумағында виз алушы ҚР СІМ-де аккредиттеуден өте . ҚР СІМ-дегі аккредиттеудің қолдану мерзімі аяқталғаннан кейін немесе аккредиттеуден ба тартқан жағдайда, Қазақстан Республикасынан шығу үшін бір мәртелік виза 90 тәулікке дейін беріледі.
			көп мәртелік	180 тәулікке дейін	виза қолданылуының барлық кезеңіне	
Инвесторлық виза						
		<p>Қазақстан Республикасының аумағындағы инвестициялық қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалардың басшылары және (немесе) басшыларының орынбасарлары, және (немесе) құрылымдық</p>	бір мәртелік	90 тәулікке дейін	виза қолданылуының барлық кезеңіне	Визаны ҚР шет елдердегі мекемеле шақыру негізінде береді. Визаны ҚР ІІМ шақыру немесе Қазақстан Республикасының инвестициялар

5.	A5	бөлімше басшылары, АХҚО инвестициялық салық резиденттігінің бағдарламасына сәйкес инвестицияларды жүзеге асыратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері.	көп мәртелік	5 жылға дейін	виза қолданылуының барлық кезеңіне	жөніндегі уәкілетті органның қолдауы бар болғанда шақырушы тараптың қолдауы немесе АХҚО әкімшілігінің қолдауы негізін береді.
"B" санаты						
Іскерлік сапарға арналған виза						
		1) конференцияларға, симпозиумдарға, форумдарға, көрмелерге, концерттерге, мәдени, ғылыми және басқа да іс-шараларға қатысушылар; 2) жиындардың, дөңгелек үстелдердің ұйымдастырушылары, көрмелердің, сарапшылар жиналысына қатысушылар;	бір мәртелік	90 тәулікке дейін	60 тәулікке дейін	Визаны ҚР шет елдердегі мекемеле келесі құжаттарды бірінің негізінде береді: ҚР СІМ нұсқау: вербалдық нот шақыру; мемлекеттер тізімінде көрсетілген елдердің азаматтарының қолдауы. Визаны ҚР ІІМ шақыру негізінде береді. Бір мәртелік электрондық виза шақыру негізінде ВКП арқылы беріледі.
			бір мәртелік	90 тәулікке дейін	60 тәулікке дейін	

6.

B1

- 3) гуманитарлық көмекті алып жүретін адамдар;
4) оқу орындарында дәрістер оқу және сабақтар жүргізу мақсатында келетін адамдар;
5) Қазақстан Республикасының білім беру мекемелерінде оқуды қоспағанда, жастардың, студенттердің және оқушылардың алмасу бағдарламаларына қатысушылар;
6) спорт іс-шаралар қатысушылар.

к ө п
мәртелік

1 жылға дейін

					артық емес әрбір келу кезінде.	
7.	B2	1) жабдықты монтаждау, жөндеу және оларға техникалық қызмет көрсету мақсатында келетін адамдар; 2) консультациялық немесе аудиторлық қызметтер көрсету мақсатында келетін адамдар.	б і р мәртелік	90 тәулікке дейін	30 тәулікке дейін	Визаны ҚР шет елдердегі мекемеле шақыру негізінде б е р е д і . Визаны ҚР ПМ шақыру немесе А Х Қ О қатысушыларының н е м е с е органдарының қолдаухаты негізін б е р е д і . Бір мәртелік электрондық виза шақыру негізінде ВКП арқылы беріледі.
			к ө п мәртелік	180 тәулікке дейін	90 тәулікке дейін	
8.	B3	1) келіссөздер жүргізуге, келісімшарттар жасасуға келетін адамдар;	б і р мәртелік	90 тәулікке дейін	30 тәулікке дейін	Визаны ҚР-дың ше елдердегі мекемеле келесі құжаттарды бірінің: ҚР СІМ нұсқау; вербалдық нот шақыру; мемлекеттер тізімінде көрсетілге елдердің азаматтарының қолдаухаты; ҚР-дың шет елдердегі мекемеле басшыларының жазбаша нұсқауы негізінде б е р е д і . ҚР ПМ визаны шақыру неме шақырушы тарапты қолдаухаты негізін б е р е д і . Бір мәртелік электрондық виза шақыру негізінде ВКП арқылы беріледі.
		2) индустрияландыру және инвестициялар салаларындағы ынтымақтастық аясындағы келіссөздер жүргізуге , келісімшарттар жасасуға келетін адамдар; 3) құрылтайшылар немесе директорлар кеңесінің мүшелері.	к ө п мәртелік	1 жылға дейін	әрбір келу кезінде 30 тәуліктен артық емес	
Халықаралық автомобилдік тасымалдарын жүзеге асыруға арналған виза						
			б і р мәртелік	90 тәулікке дейін	30 тәуліктен артық емес	Визаны ҚР шет елдердегі мекемеле

9.	B4	халықаралық автомобилдік тасымалдарды жүзеге асыратын адамдар.	к ө п мәртелік	1 жылға дейін	әрбір келу кезінде 30 тәуліктен артық емес	<p>келесі құжаттарды негізінде беріледі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) колдауға 2) Қазақстан Республикасының аумағымен автокөл құралдарының жүруіне рұқсат беретін құжаттар рұқсат беру бланкісі; 3) халықаралық тасымалдарды жүзеге асыру рұқсатының көшірмесі; 4) жүргізуші куәлігінің көшірмесі; 5) көлік құралының құжаттары. <p>Виза алушы, алынған санаттағы визаға сәйкес көлікпен ғана Қазақстан Республикасының аумағына кіруді жеткізуді жүзеге асырады.</p>
<p>Әуе, теңіз, өзен кемелері экипаждары мен поезд бригадаларының мүшелеріне арналған виза</p>						
<p>Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) тиісті куәлігі жоқ, тұрақты және чартерлік әуе рейстері ұшақтарының мүшелері, пойыз бригадаларының, сондай-ақ теңіз және өзен кемелері</p>			к ө п мәртелік	1 жылға дейін	<p>30 тәуліктен артық емес</p> <p>әрбір келу кезінде 30</p>	<p>Визаны ҚР шет елдердегі мекемеле және ҚР ІІМ колдау хат негізінде береді (жазбаша өтініш және Қазақстан Республикасының аумағымен жүруін рұқсат беретін құжаттар):</p> <p>П о й ы з бригадаларының мүшелері алынған санаттағы визаға сәйкес көлікпен ғана Қазақстан</p>

10.	B5	экипаждарының мүшелері болып табылатын адамдар.			тәуліктен артық емес	Республикасының аумағына кіруді жүзеге асырады.
Діни іс-шараларға қатысуға арналған виза						
11.	B6	Қазақстан Республикасына діни бірлестіктің іс-шараларына қатысу үшін (миссионерлік қызметті қоспағанда) жіберілетін адамдар.	бір мәртелік	90 тәулікке дейін	30 тәуліктен артық емес	Визаны ҚР шет елдердегі мекемеле шақыру негізінде береді.
Оқу практикасынан немесе тағылымдамадан өтуге арналған виза						
12.	B7	оқу практикасынан немесе тағылымдамадан өту үшін, соның ішінде "Астана Хаб" және АХҚО бағдарламалары бойынша оқудан өту үшін Қазақстан Республикасына жіберілетін адамдар, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері.	бір мәртелік	90 тәулікке дейін	виза қолданылуының барлық кезеңіне	Визаны ҚР-дың шет елдердегі мекемеле және ҚР ІІМ шақыру негізінде береді. Визаны ҚР ІІМ Астана Хаб" және АХҚО қолдауы негізінде береді.
			көп мәртелік	180 тәулікке дейін	виза қолданылуының барлық кезеңіне	
Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға арналған виза						
			бір мәртелік	90 тәулікке дейін	виза қолданылуының барлық кезеңіне	Визаны ҚР-дың шет елдердегі мекемеле Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға

13.	B8	<p>1) Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсатты алу үшін Қазақстан Республикасына баратын адамдар;</p> <p>2) Визасыз келу тәртібі туралы Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар бар елдерден, Қазақстан Республикасы Үкіметінің , 2012 жылғы 21 қаңтардағы № 148 қаулысымен бекітілген Көшіп келушілердің Қазақстан Республикасына келуінің және онда болуының, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кетуі қағидаларының 17-тармағында көрсетілген мемлекеттерден Қазақстан Республикасына келген және ішкі істер органдарына Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға арналған рұқсатты алу үшін жүгінген адамдар.</p>	к ө п мәртелік	90 тәулікке дейін	в и з а қолданылуының барлық кезеңіне	<p>рұқсатты алу үшін Қазақстан Республикасына баратын (ҚР ПИМ-м келісусіз), шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың этникалық қазақтардан басқа қолдау хаттары негізінде береді. ҚР ПИМ визаны визасыз келу тәртібі туралы Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар бар елдерден, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 қаңтардағы № 148 қаулысымен бекітілген Көшіп келушілердің Қазақстан Республикасына келуінің және онда болуының, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кетуі қағидаларының 17 тармағында көрсетілген мемлекеттерден Қазақстан Республикасына келген, сондай-ақ С санатындағы қолданыстағы виза бар шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдардың қолдау хаты негізін береді.</p>
Жеке сапарға арналған виза						
		<p>1) Қазақстан Республикасына жеке істер бойынша келетін адамдар;</p> <p>2) мемлекеттер</p>	б і р мәртелік	90 тәулікке дейін	в и з а қолданылуының барлық кезеңіне	

14.	B10	тізімінде көрсетілген елдердің азаматтары; 3) растайтын құжаттар бар болған кезде Қазақстан Республикасына жақын туыстарының/ жақындарының жерлеуіне немесе ауырған жағдайда бара жатқан адамдар;	к ө п мәртелік	180 тәулікке дейін	әрбір кіру кезінде 90 тәуліктен артық емес	Визаны ҚР шет елдердегі мекемеле келесі құжаттарды бірінің негізінде б е р е д і : вербалдық нот ша қ ы ру ; қолдаухат осы Қағидаларға қосымшаның 14 тармағының (2), 3), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген адамда .
		4) Қазақстан Республикасының азаматтарымен Қазақстан Республикасына бірге кіретін жұбайлары, балалары (оның ішінде асырап алынған балалары) немесе ата-аналары (қорғаншылары, қамқоршылары)(туыстығын растайтын құжаттар болған к е з д е); 5) этникалық қазақтармен Қазақстан Республикасына бірге кіретін (этникалық қазақ болып саналмайтын) жұбайлары, балалары ;	б і р бұрынғы отандастар	көп мәртелік	3 жылға дейін	Визаны ҚР СІМ вербалдық нота негізінде б е р е д і : Визаны ҚР ІІМ келесі құжаттарды бірінің негізінде б е р е д і : ша қ ы ру ; қолдаухат осы Қағидаларға қосымшаның 1 тармағының (3 тармақшасында көрсетілген адамда .
Қазақстан Республикасының азаматтарын асырап алуға арналған виза						
15.	B11	Қазақстан Республикасының азаматтарын асырап алу үшін жіберілетін адамдар.	б і р мәртелік	180 тәулікке дейін	120 тәуліктен артық емес	Визаны ҚР шет елдердегі мекемеле және ҚР ІІМ шақыр негізінде б е р е д і .
			к ө п мәртелік	1 жылға дейін	әрбір кіру кезінде 120 тәуліктен артық емес	
Туристік мақсатпен келетін виза						
			б і р мәртелік	90 тәулікке дейін	30 тәуліктен артық емес	Визаны ҚР шет елдердегі мекемеле келесі құжаттарды бірінің негізінде

16.	B12	Қазақстан Республикасына турист ретінде жіберілетін адамдар.	к ө п мәртелік	90 тәулікке дейін	әрбір кіру кезінде 30 тәуліктен артық емес	береді: шақыру; Осы Қағидаларға 4-қосымшасында көрсетілген мемлекеттер тізімінде көрсетілген елдердің азаматтарының қолдаухаты. Визаны ҚР ІІМ шақыру негізінде береді. Бір мәртелік электрондық виза шақыру негізінде ВКП арқылы беріледі.
Гранзитпен өту үшін виза						
17.	B13	Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитпен өту үшін Қазақстан Республикасына жіберілетін адамдар.	б і р мәртелік к ө п мәртелік	90 тәулікке дейін 180 тәулікке дейін	бір бағытта 5 тәулік ішінде бір бағытта 5 тәулік ішінде	Визаны Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері және Қазақстан Республикасы ІІМ қолдаухат негізінде жол жүру құжаттар ресімделген виза немесе баратын ел кіру құқығын берет басқа негіздер; жол жүру құжаттары, ресімделген виза, сондай-ақ жеке көл құралымен жүреті осы адамның жүргізуші куәлігі және көлік құралы басқару құқығын растайтын құжатта бар болған жағдай, береді.
Қазақстан Республикасының аумағынан шығуға арналған виза						
18.	B14	тұрақты тұру үшін Қазақстан Республикасынан тыс жерге шығуы кезінде Қазақстан Республикасында	б і р мәртелік	90 тәулікке дейін	в и з а қолданылуының барлық кезеңіне	Виза ҚР ІІМ Қазақстан Республикасының аумағынан тыс тұрақты тұруға іш істер органдарымен

		тұрақты тұратын адамдар.				берілген рұқсат негізінде беріледі.
19.	B15	Қазақстан Республикасының аумағында паспорттың жоғалтқан адамдар.	бір мәртелік	30 күнге дейін, бірақ паспорттың қолдану мерзімінен артық емес	виза қолданылуының барлық кезеңіне	Виза ҚР ІІМ Қазақстан Республикасына кіруін растайтын мәліметтер мен ішкі істер органдарында тіркеуі расталған кезде немесе ҚР ІІМ нұсқауы бойынша қолдау және қайта оралу куәлігінің (басқа жүру құжаты) негізінде беріледі.
20.	B16	Қазақстан Республикасында болу мерзімін қысқарту туралы қабылданған шешімге қатысты адамдар.	бір мәртелік	30 тәулікке дейін	виза қолданылуының барлық кезеңіне	Виза ҚР ІІМ Қазақстан Республикасында болу мерзімін қысқарту туралы ішкі істер органдарының қорытындысы негізінде беріледі.
21.	B17	егер, Қазақстан Республикасында одан әрі болу үшін негіз болмаса және шығарып жіберуге қатысты емес әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы қаулы қабылданған адамдар.	бір мәртелік	15 тәулікке дейін	виза қолданылуының барлық кезеңіне	Визаны ҚР ІІМ әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулы және ішкі істер органдарының Қазақстан Республикасында одан әрі болу үшін негіздердің жоқтығы туралы қорытындысы негізінде береді.
22.	B18	егер, Қазақстан Республикасында одан әрі болу үшін негіз болмаса, Қазақстан Республикасына визасыз келген не Қазақстан Республикасына келетін адамдар	бір мәртелік	30 тәулікке дейін	виза қолданылуының барлық кезеңіне	Визаны ҚР ІІМ, егер іс мән-жайлары әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылыққа әке соқпаса, ішкі істер органдарының Қазақстан Республикасында одан әрі болу үшін негіздердің жоқтығы туралы қорытындысы не

						болмаса ҚР ПМ нұсқауы негізінде береді.
23.	B19	жазасын өтеген немесе жазадан босатылған адамдар, сонымен қатар пробациондық бақылау мерзімі өткен, жазаны орындау мерзімі ұзартылған адамдар.	б і р мәртелік	15тәулікке дейін	в и з а қолданылуының барлық кезеңіне	Визаны ҚР ПМ, Қ ПМ Қылмыстық атқару жүйесі комитетінің және оның аумақтық бөлімшелерінің немесе ішкі істер органдарының аумақтық бөлімшелері мерзімінен бұрын шартты босату) хабарламасы негізінде береді.
24.	B20	визаның қолданылу немесе болудың рұқсат етілген визасыз мерзімі өткенге дейін Қазақстан Республикасының аумағынан кетуге кедергі болған форс-мажорлық мән-жайлардың, рейстің, пойыз немесе өзге көлік құралы жөнелтілімінің кідіргені немесе ауыстырылғаны туралы дәлелдеме берген адамдар.	б і р мәртелік	15тәулікке дейін	в и з а қолданылуының барлық кезеңіне	Визаны ҚР ПМ қолдау хаты және визаның қолданылу мерзімі немесе рұқсат етілген визасыз болу мерзімі аяқталғанға дейін Қазақстан Республикасының аумағынан шығуға кедергі болған еңсерілмейтін күш мән-жайларды, рейстің, пойыз немесе өзге көлік құралы жөнелтілімінің кідіргенін немесе тоқтатылғанын растайтын құжатта негізінде немесе Қ ПМ нұсқауы бойынша береді.
25.	B21	өздеріне қатысты Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес ауыр немесе аса ауыр қылмыс деп танылатын әрекетті жасады деп хабарланған адамдар.	б і р мәртелік	30 тәулікке дейін	в и з а қолданылуының барлық кезеңіне	Визаны ҚР ПМ Қылмыстық қудала органы берген өтінішті сотқа дейінгі тергеу туралы талон хабарлама болған кезде қолдау хат негізінде береді.
		қылмыстық жауапкершілікке тартылған адамдар				Визаны ҚР ПМ Қылмыстық істі тоқтату туралы

26.	B22	және оларға қатысты қылмыстық іс тоқтаған, сонымен қатар басқа адамдардан Қазақстан Республикасынан тыс шығуға қойылған заңды шекті алынған адамдар.	бір мәртелік	15 тәулікке дейін	в и з а қолданылуының барлық кезеңіне	прокурормен бекітілген немесе келісілген қаулы, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс шығуға шекте қойған уәкілетті органның ақпараты негізінде береді.
"С" санаты						
Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға арналған виза						
27.	C1	тұрақты тұру мақсатында Қазақстан Республикасының аумағына жіберілген немесе келген этникалық қазақтар.	к ө п мәртелік	1 жылға дейін	В и з а қолданылуының барлық кезеңіне	Визаны Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелер: Қазақстан Республикасы ПМ-мен келісусіз және Қазақстан Республикасы ПМ мынадай құжаттар негізінде береді: 1) өтініш иесінің ұлтын растайтын шетелдік мемлекеттің құзыретті органы беретін құжаттар жеке басты куәландыратын құжаттарда ұлты туралы жазбасы болмаған жағдайда 2) басым тәртіппен ол болған кезде) оралмандарды иммиграциялық квотаға енгізуге құқық беретін құжаттар; 3) өтініш беруші мен оның отбасы мүшелерінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 201 жылғы 30 қыркүйектегі № 66 бұйрығымен

						<p>бекітілген нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркелімінде № 727 нөмірімен тіркелген Шетелдіктердің жә азamatтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына кіруге тыйым салатын ауруларды жоқтығы туралы анықтама; 4) соттылығының болуын не жоқтығы растайтын құжат.</p>
Отбасын біріктіруге арналған виза						
